



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# САЛАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Кәсіпорындар пікіртерімінің нәтижелері

(салалар: тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік және қойма,  
ауыл шаруашылығы)

2021 жылғы I тоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Ақша – кредит саясаты департаменті

## Жалпы ақпарат

### I. Экономикалық жағдайларды бағалау:

- саладағы бәсекелестік (4 бет)
- инвестициялық белсенділік жағдайы (5 бет)
- валюта бағамының әсері (6 бет)
- кредиттеу шарттары (7-8 бет)

### II. Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау

- сұраныс және бағаларға шолу (9 бет)
- өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі (10 бет)
- кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері (11-13 бет)
- саладағы борыштық ауыртпалық (14 бет)
- еңбекақы мен жұмыспен қамту (15 бет)

## Қорытынды

**Пікіртерім жөніндегі мәлімет**

Пікіртерім мақсаты	➤ Салалардағы бизнес конъюнктурасындағы негізгі үрдістерді анықтау
Респонденттер	➤ Кәсіпорындардың басшылары, қаржы бөлімдерінің қызметкерлері
Пікіртерім әдісі	➤ Сауалнама
Пікіртерім жүргізу кезеңі	➤ 2021 жылғы 1-тоқсан


Мониторингке қатысушы кәсіпорындар	3302
------------------------------------	------

**Іріктеме туралы мәлімет**

Тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 197
Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 703
Құрылыс кәсіпорындары	➤ 350
Сауда саласының кәсіпорындары	➤ 929
Көлік және қоймаға жинау кәсіпорындары	➤ 254
Ауыл шаруашылығы	➤ 196

<b>Іріктеме бойынша кәсіпорындардың барлығы</b>	<b>➤ 2629</b>
---	---------------

1-график. Ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, %



2021-жылдың 1-тоқсанында ауыл шаруашылығынан басқа қарастырылып отырған барлық салалар үшін бәсекелестіктің маңызы артты.

Сауда саласы бәсекелестік әсеріне барынша тәуелді сала болып қалып отыр, онда нарықтық бәсекелестіктің өздерінің бизнесіне ықпалын сезетін кәсіпорындар үлесі **42,0%-ды** құрады, **өңдеу өнеркәсібінде – 31,4%, көлік және қоймалау саласында – 29,5%, құрылыста – 27,4%**. Ең төмен мөлшерде ықпалды **ауыл шаруашылығы мен кен өндіру өнеркәсібі** кәсіпорындары сезуде, көрсеткіш **17,3% бен 15,2%-ды** құрады.

**Кен өндіру өнеркәсібі** бойынша іріктеме негізінен ірі және орта кәсіпорындар арқылы көрсетіліп отыр (**67,0%**). Оның басым бөлігін мұнай және табиғи газ өндіру, металл кендері, сондай-ақ тау-кен өнеркәсібінде техникалық қызмет көрсететін кәсіпорындар құрайды.

**Өңдеу өнеркәсібінде** ірі және орта кәсіпорындар сала кәсіпорындарының жалпы санының **61,6%-ын** құрайды. Сала бойынша өндіріс көлемінің басым бөлігін металлургиялық өнеркәсіп кәсіпорындары өндіреді.


**Ауыл шаруашылығында және құрылыс** саласында да ірі және орта кәсіпорындар басым (**62,8% және 60,3%**).

**Көлік және қойма** саласы бойынша іріктеменің жартысынан астамы ірі және орта кәсіпорындар (**52,4%**), олардың көбі мұнай және мұнай өнімдерін құбыржол арқылы тасымалдау қызметтерін көрсетеді. Олардың ішінде табиғи монополия субъектілеріне жататын кәсіпорындар аз емес.

**Сауда саласы** бойынша іріктемеде де бас жиынтықтағыдай ірі және орта кәсіпорындардың үлесі жоғары емес (**24,0%**).

Аталған салалар бойынша іріктеме репрезентативтілігі\* **48,5%** құрайды.


2-график. Нарықтық бәсекелестікті кедергі ретінде көрсеткен кәсіпорындардың үлесі, %




\* ҚРҰБ кәсіпорындары мониторингіндегі репрезентативтілігі мына формула бойынша бағаланады:  $MҚК \text{ ӨСТ} / \text{ҰСБ ӨСТ} * 100$

мұндағы, МҚК ӨСТ – ҚРҰБ мониторингіне қатысушы кәсіпорындардың өнімдерін сатудан түскен кіріс (ӨСТ); ҰСБ ӨСТ – Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша ӨСТ

### 3-график. Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділіктерін шектеуші факторлар, %



### 4-график. Кәсіпорындардың келесі 12 айдағы инвестициялау деңгейінің өзгерісі бойынша күтулері, %




Көптеген кәсіпорындардың пікірі бойынша 2021 жылдың 1-тоқсанында бизнесті жүргізуге негізгі кедергі болған **Қазақстан экономикасының жағдайы**.

Сауда кәсіпорындары үшін ең маңызды шектеуші фактор болып басқа кәсіпорындар тарапынан **нарықтық бәсекелестік** табылады. Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары үшін - олардың өнімдеріне деген **сұраныстың жеткіліксіздігі**. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының **26,5%-ы** білікті **кадрлардың** жеткіліксіздігін атап өтті.

Алдағы 12 айда барлық секторлар бойынша қаржыландыру деңгейі жалпы өзгеріссіз қалады, сонымен бірге өңдеу және кен өндіру кәсіпорындарында қаржыландырудың ең үлкен өсімі, құрылыс және сауда саласында ең төмен өсімі күтілуде. Инвестиция көлемін төмендетуді жоспарлап отырған кәсіпорындардың ең жоғары үлесі құрылыс саласында, ал ең төмен үлесі сауда саласында күтілуде. Қарастырылып отырған салалардың бәрінде инвестицияны арттыруды жоспарлап отырған кәсіпорындар үлесінен, оны төмендетуді жоспарлап отырғандардың үлесі артық.


Қаржыландырудың негізгі көздері бұрынғыдай кәсіпорындардың **меншікті қаражаты** болып табылады.

**5-график. Есеп айырысуда шетел валютасын қолдану (кәсіпорындардың үлесі, %)**




Шетелдік серіктестермен есеп айырысуда кен өндіру өнеркәсібінен басқа қарастырылып отырған салалар үшін қолданылатын негізгі валюта - ресей рублі (өңдеу өнеркәсібінде ресей рублін қолданатын кәсіпорындардың үлесі **66,1%**, саудада – **58,8%**). АҚШ доллары кен өндіру өнеркәсібінде ғана басым (59,9%). 2021 жылғы 1-тоқсанда теңгені ең көп қолданған көлік және тасымалдау саласының кәсіпорындары болған (**19,7%**).

**6-график. Теңгенің Ресей рубліне бағамының өзгеруінің кәсіпорынның қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ\*)**




**7-график. Теңгенің АҚШ долларына бағамының өзгеруінің кәсіпорындардың қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ\*)**




2021 жылдың 1-тоқсанында теңге бағамының **Ресей рубліне** қатысты өзгерісінің кері ықпалы көлік және тасымалдау саласы кәсіпорындары үшін күшейді, бірақ басқа салалар үшін, әсіресе ауыл шаруашылығы және кен өндіру кәсіпорындары үшін бәсеңдеді. Теңгенің **АҚШ долларына** қатысты өзгерісінің кері ықпалы құрылыс және көлік және тасымалдау саласы кәсіпорындары үшін күшейіп, басқа барлық қарастырылып отырған салалар үшін төмендеді. Нәтижесінде экономика бойынша ДИ алдыңғы тоқсан шамасында қалды (35,6).

\* ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

8-график. Банктік кредиттеудің шарттары тиімсіз кәсіпорындардың үлесі, %



9-график. 2020ж. 4 және 2021ж. 1 тоқсанда несие алуға ниеті бар кәсіпорындар, %



1-кесте. Несиелеудің орташа мөлшерлемесі, %


	Теңгемен		Шетел валютасымен	
	нақты	қол жетімді	нақты	қол жетімді
Кен өндіру өнеркәсібі	11,3	4,1	4,6	1,9
Өңдеу өнеркәсібі	10,5	5,3	6,2	2,4
Құрылыс	12,9	9,6	4,2	2,2
Сауда	11,7	6,4	6,1	3,2
Көлік және қойма	12,5	4,3	5,1	1,7
Ауыл шаруашылығы	10,9	4,8	-	2,4

2021-жылдың 1-тоқсанында құрылыс, өңдеу өнеркәсібінің және көлік және қоймалау кәсіпорындары банктердің несиелеу шарттарының нашарлағанын атап өтті. Саудадағы және кен өндіру саласының кәсіпорындары үшін жағдай өзгеріссіз қалды, ал ауыл шаруашылық кәсіпорындары жақсарғанын хабарлайды. Кредиттеу шарттарын қолайсыз деп есептейтін кәсіпорындардың ең көп үлесі құрылыс саласында (**16,6%**) және өңдеу өнеркәсібінде (**15,9%**). Ауыл шаруашылығында, көлік және қоймалау және кен өндіру өнеркәсібі саласында олардың үлесі ең аз.


Теңгемен алынған несиелер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлеме құрылыс саласында (**12,9%**), ал шетел валютасында – өңдеу өнеркәсібі мен сауда салаларында орын алды (**6,2%** және **6,1%**, сәйкесінше).

2021 жылдың 2-тоқсанында несие алуға ниетті кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібі мен сауда саласында (**25,3%** және **20,3%**, сәйкесінше), ең төмен үлесі – көлік және қоймаға жинау саласында (**9,4%**).


10-график. Орташа\* салмақтанған несиелік жүктеме\*\*, %



11-график. Банк несиелері бойынша мерзімі өткен\*\*\* қарызы бар кәсіпорындардың үлесі, %



12-график. Несие алуға берілген өтініштерді қарастыру нәтижесі, саны



2021-жылдың 1-тоқсанында ауыл шаруашылығында орташа несиелік жүктеме басқа салаларға қарағанда жоғары болды. Ауыл шаруашылығында өнімді сатудан түскен кірістің орташа есеппен **17,7%** қарызды өтеуге жұмсалады. Бұл көрсеткіштің ең төмен мәні сауда және көлік және тасымалдау саласында орын алды (**14,2%** және **14,6%** сәйкесінше).

Банк несиелері бойынша мерзімі өткен (90 күннен астам) қарызы бар кәсіпорындардың үлесі, кен өндіру және ауыл шаруашылығынан басқа салалардың бәрінде төмендеді. Осындай кәсіпорындардың ең көп үлесі ауыл шаруашылығында (**11,2%**), ең аз үлесі - кен өндіру өнеркәсібінде (**4,6%**).

Банктер 2021-жылдың 1-тоқсанында қарастырылып отырған салалардың ішінен **24 кәсіпорынға** несие беруден бас тартты, олардың жартысына жуығы өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары (**12 кәсіпорын**). Көлік және қойма саласында мұндай кәсіпорындардың саны аз. Кен өндіру өнеркәсібі саласында мұндай кәсіпорындар жоқ.

\*Орташа салмақтанған мән - бұл жауаптар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мәні


\*\* Ай сайынғы төлем / өнімді сатудан түскен кіріс \* 100

\*\*\* 90 күннен астам



# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Сұраныс және бағаларға шолу

13-график. Кен өндіру өнеркәсібі, ДИ\*



14-график. Өңдеу өнеркәсіп, ДИ




График 15. Құрылыс, ДИ







График 16. Сауда, ДИ



17-график. Көлік және қойма, ДИ



18-график. Ауыл шаруашылығы, ДИ



— Сұраныс

— Дайын өнім бағасы

— Шикізаттар бағасы

2021 жылғы 1-тоқсанда **сұранысқа** қатысты жағдай жақсарды. Ауыл шаруашылығынан басқа барлық салаларда сұраныстың өсуі жалғасты. Кен өндіру өнеркәсібі, құрылыс, сауда және көлік және қоймалау салалары өсу аймағына өтті. 2021 жылдың 2 тоқсанында кен өндіру өнеркәсібі мен көлік және қоймалау салалары сұраныстың өсуін күтеді, сұраныс қарқынының едәуір баяулауын өңдеу өнеркәсібі мен сауда салалары күтуде, ал ауыл шаруашылығында және құрылыста сұраныстың төмендеуі күтіледі.

2021 жылдың 1 тоқсанында шикізат пен материалдар бағаларының өсу қарқынының жеделдеуі өңдеу өнеркәсібінен басқа барлық салаларда байқалды. 2021 жылдың 2-тоқсанында барлық қарастырылатын салаларда шикізат пен материалдар және дайын өнім бағасының өсуі күтілуде


\*ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

\*\* 2021 жылдың 2-ші тоқсаны үшін кәсіпорындардың күтулері келтірілген.


# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау:

## Өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі

19-график. Салалар бойынша өндірістік қуаттардың орташа алынған жүктемесі\*, %



20-график. Өндірістік қуат жүктемесінің 2021 жылғы 1-тоқсандағы деңгейі, кәсіпорындар үлесі %-бен



2021 жылдың 1-тоқсанында барлық салаларда өндірістік қуат жүктемесі (ӨҚЖ) төмендеді..

Ең жоғары ӨҚЖ кен өндіру өнеркәсібінде. Мұнда өндірістік қуатты барынша жүктеген (ӨҚЖ>=90%) кәсіпорындар үлесі басқа салаларға қарағанда жоғарырақ, ал ӨҚЖ<50% кәсіпорындар үлесі ең төмен. Ең нашар ӨҚЖ құрылыс пен көлік және қоймалау саласында.

Салалардың бәрінде кәсіпорындардың көпшілігінің өндірістік қуатты жүктеу деңгейі 50%-дан төмен.

Нәтижесінде ең жоғары орташа салмақтан ӨҚЖ деңгейі кен өндіру өнеркәсібінде сақталып отыр (59,3%). Сауда, ауыл шаруашылық саласы өңдеу өндірісі салаларында ӨҚЖ 51%-н жоғары. Өндірістік потенциалын ең аз қолданатын салалар болып көлік және қоймалау және құрылыс салалары табылады. Бұл ретте, құрылыс пен ауыл шаруашылығы бойынша ӨҚЖ динамикасының құбылмалылығы көрсеткіштің маусымдық факторларға тәуелділігімен байланысты болғанымен түсіндіріледі.

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

**2-кесте. Негізгі көрсеткіштердің медианалақ мәні\***

	АӨК	ЖТҚК	ААК	СР**	ӨҚК	ААҚУ, %
Кен өндіру өнеркәсібі	1,50	1,47	0,12	41,0	0,52	52,0
Өңдеу өнеркәсібі	1,44	1,37	0,19	19,8	0,37	62,6
Құрылыс	1,15	1,23	0,13	16,6	0,31	65,8
Сауда	1,16	1,18	0,32	18,6	0,18	82,7
Көлік және қойма	1,05	1,42	0,13	23,8	0,42	28,1
Ауыл шаруашылығы	1,29	1,27	0,08	24,8	0,45	31,7

**3-кесте. Қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалары**

	Есептеу формуласы	Қысқаша сипаттама
АӨК (ағымдағы өтімділік коэффициенті)	Ағымдағы активтер/Қысқа мерзімді міндеттемелер	Компанияның ағымдағы міндеттемелерді (қысқа мерзімді) айналым активтері есебінен ғана өтеу қабілеттілігін сипаттайды. Көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, кәсіпорынның төлем жасауға қабілеттілігі солғұрлым жақсы болады. Норматив 1,2-2.
ЖТҚК (жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті)	Активтер/Міндеттемелер	Кәсіпорынның барлық міндеттемесін (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) оның барлық активімен өтеу қабілеттілігін көрсетеді.
ААК (активтердің айналымдылық коэфф-і)	ӨСТ/Активтер <i>ӨСТ – өнімді сатудан түскен түсім</i>	Активтерді пайдалану қарқындылығын (айналым жылдамдығын) көрсетеді. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштері ретінде пайдаланылады.
СР (сату рентабельділігі)	(ӨСТ-ӨӨҚ)/ӨСТ <i>ӨӨҚ – өнімнің өзіндік құны</i>	Ұйым түсімінің қандай бөлігі пайданы (салық салынғанға дейінгі) құрайтынын көрсететін ұйым қызметінің қаржылық нәтижелілігінің көрсеткіші
ӨҚК (өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті)	МК/(МК+Міндеттемелер) <i>МК – меншікті капитал</i>	Меншікті инвестициялық қаражаттың инвестициялауға қажетті жалпы қаражатқа қатынасы
ААҚУ (активтегі айналым қаражатының үлесі)	Қысқа мерзімді активтер/Активтер*100	Баланстың жалпы өтімділігін бағалауға мүмкіндік береді

**Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері** 2021 жылғы 1-тоқсанда былайша қалыптасты:

- кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарының өтімділігі ең жоғары болып табылады (АӨК = **1,50** және **1,44**, сәйкесінше);
- төлем қабілеттілігі ең жоғары болып кен өндіру өнеркәсібі мен көлік және қоймалау және саласының кәсіпорындары табылады (ЖТҚК = **1,47** және **1,42**, сәйкесінше);
- іскерлік белсенділік сауда саласында басқаларына қарағанда әлдеқайда жоғары (ААК = **0,32**);
- рентабельділігі ең жоғары кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары (**СР=41,0%**), ең төмен көрсеткіш – құрылыс саласында (СР=**16,6%**);
- инвестициялауды меншікті қаражаттың есебінен қаржыландыру мүмкіндігі кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындарында жоғарырақ (ӨҚК=**0,52**);
- сауда саласы кәсіпорындарының активтерінің басым бөлігі айналым қаражаты болып табылады (ААҚУ = **82,7%**).

\*Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалақ мәндер келтірілген

\*\* Пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі сату рентабельділігі

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

График 21. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің динамикасы (АӨК)




График 23. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициентінің динамикасы (ӨҚК)




График 22. Активтер айналымдылығы коэффициентінің динамикасы (ААК)





График 24. Жалпы төлем қабілеттілік коэффициентінің динамикасы (ЖТЖҚ)



— Кен өндіру өнеркәсібі — Өңдеу өнеркәсібі — Құрылыс — Сауда — Көлік және қойма — Ауыл шаруашылығы

2021 жылдың 1-тоқсанында кәсіпорындардың өздерінің **қысқа мерзімді міндеттемелерін жабу мүмкіндіктері кен өндіру өнеркәсібінен (АӨК=1,50)** басқа салалардың бәрінде нашарлады. Іскерлік белсенділіктің маусымдық төмендеуі қарастырылып отырған салалардың бәрінде орын алды, ең үлкен төмендеу құрылыс саласында болды (ААК 0,30-дан 0,13-ке дейін төмендеді). Кәсіпорындардың жалпы төлем қабілеттілігі өз шамасында қалды, тек көлік және қоймалау саласы мен ауыл шаруашылығы салаларының көрсеткіші біраз жақсарды (**ЖТЖҚ = 1,42** және **1,27**), ал өңдеу өнеркәсібі саласында төмендеді (**ЖТЖҚ = 1,37**).

Кен өндіру және ауыл шаруашылығы саласының кәсіпорындарының инвестицияны меншікті қаражаттың есебінен қаржыландыру мүмкіндігі өсті (**ӨҚК 0,52** және **0,45**), көрсеткіштің төмендеуі құрылыс және сауда кәсіпорындарында орын алды (**ӨҚК 0,31** және **0,18**).


Тау-кен өнеркәсібі кәсіпорындарының қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерін төлеуге басқа салаларға қарағанда мүмкіндігі жоғарырақ (сәйкесінше **АӨК = 1,50** және **ЖТЖҚ = 1,47**).

\* Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

\*\* Қаржылық көрсеткіштердің есептеу формулалары мен сипаттаулары 3-кестеде келтірілген (11-бет)

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

25-график. Сатудың орташа рентабельділігі\*, %



26-график. Сату рентабельділігінің динамикасы\*, %





График 27. Қаржылық жылды пайдамен/шығынмен аяқтауды болжайтын кәсіпорындардың үлесі, %



2021-жылдың 1-тоқсанында сату рентабельділігі пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығындар шегерілгенге дейінгі кен өндіру өнеркәсібінде (41,0%-ға дейін). ауыл шаруашылығы мен көлік және қоймалау салаларында көтерілді (24,8% -дан 23,8% -ға дейін).

Кен өндіру өнеркәсібінде сату рентабельділігінің басқа салаларға қарағанда жоғары болғанына қарамастан, қаржылық жылы шығынмен аяқталады деп болжап отырған кәсіпорындардың үлесі осы салада көбірек (17,8%). Өңдеу өнеркәсібі, сауда және көлік және қоймалау саласының кәсіпорындарының болжамы әлдеқайда жақсырақ: оларда жыл пайдамен жабылады деп санайтын кәсіпорындар үлесі сәйкесінше 42,2%, 39,4%, және 33,5% құрады.

Қаржылық жылды пайдамен жабуды болжап отырған кәсіпорындар қарастырылып отырған салалардың бәрінде шығынмен жабуды болжап отырған кәсіпорындардан көбірек.

\* Орташа арифметикалық мәннің экстремалдық мәндердің әсеріне тәуелділігі жоғары болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген


# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Салалардағы борыштық ауыртпалық

Банк секторынан тыс, яғни жеткізушілермен, мердігерлермен, тапсырыс берушілермен, сатып алушылармен және т.с. өзара есеп айырысуға байланысты мерзімі өткен берешекке қатысты ахуал біршама өзгерді. 2021 жылдың 1 тоқсанында экономика бойынша мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі** бар кәсіпорындар үлесі **22,9%**-дан **24,4%**-ға дейін өсті, ал **кредиторлық берешегі** бар кәсіпорындар үлесі **20,9%**-дан **22,2%**-ға дейін, және өсті.


Сауда, өңдеу өнеркәсібі және кен өндіру өнеркәсібі салаларында мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындар үлесі **артты**. Мерзімі өткен кредиторлық берешегі бар кәсіпорындар үлесі көлік және қойма саласынан басқа барлық салаларда өсті. Мерзімі өткен дебиторлық және кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың ең көп үлесі кен өндіру өнеркәсібінде (**29,4%** және **34,5%**, сәйкесінше).

Сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың бәрі дебиторлық берешекті қайтарып алуда қиындықтарға тап болғанын атап өткен жөн. Саудада бұл көрсеткіш **15,8%**, құрылыста – **13,1%**, өңдеу өнеркәсібінде – **11,0%**, ауыл шаруашылығында – **9,7%**, көлік және сақтау саласында – **9,4%** және кен өндіру саласында – **6,1%**.

28-график. Мерзімі өткен дебиторлық берешек (%)




29-график. Мерзімі өткен кредиторлық берешек (%)




# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Еңбекақы мен жұмыспен қамту


30-график. Өндіріс көлемінің өзгерісі, ДИ %



31-график. Қызметкерлер санының өзгерісі, ДИ \*



32-график. Орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі, %



2021 жылдың 1-тоқсанында қарастырылып отырған барлық салалардың бәрінде **өндіріс көлемі төмендеді**. ДИ төмендеу аясына өтті. Ең көп төмендеу кен өндіру саласында байқалды. 2-тоқсанда қарастырылып отырған барлық салалардың бәрінде өндіріс көлемінің өсуі күтілуде.

Қарастырылып отырған бар салаларда қызметкерлердің саны төмендеді, ең көп төмендеу ауыл шаруашылығы мен құрылыс саласында орын алды, бұл өз осы салалардың маусымдық сипатымен түсіндіріледі.

2021 жылдың 1 тоқсанында құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және қоймалау, кен өндіру және өңдеу салаларында **орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі төмендеді**. Сауда саласында аздаған өсу байқалды.

\* ДИ, диффузиялық индекс, 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің оң (теріс) әсер етуі соншалықты, 50 деңгейі әсер етудің болмағанын білдіреді

\*\* Графиктерде 2021 жылдың 2-тоқсаны бойынша кәсіпорындардың күтімі көрсетілген

- **Бәсекелестіктің ең жоғары дәрежесі** сауда саласында.
- Кәсіпорындардың көпшілігі бизнесті жүргізуді шектейтін негізгі фактор ретінде Қазақстан экономикасының жағдайын атайды.
- 2021 жылдың 1-тоқсанында теңгенің **АҚШ долларына және Ресей рубліне** қатысты бағамының өзгеруінен **ең аз** теріс әсерді тау-кен өнеркәсібі, көлік және ауылшаруашылық кәсіпорындары, ал **ең көп** теріс әсерді өңдеу өнеркәсібі және сауда кәсіпорындары сезінді. Шетелдік серіктестермен есеп айырысуда қолданылатын негізгі валюта - **Ресей рублі** (өңдеу өнеркәсібінде кәсіпорындардың 66,1% -ы ресейлік рубльді пайдаланады, саудада - 58,8%).
- 2021 жылдың 1-тоқсанында барлық қарастырылып отырған салаларда **өндіріс көлемінің** төмендеуі және **өндірістік қуаттарды пайдалану** деңгейінің төмендеуі байқалды. Өндірістік қуаттылықты ең жоғары пайдалану кен өндіру өнеркәсібінде қалып отыр (59,3%).
- 2021 жылдың 1 тоқсанында ауыл шаруашылығынан басқа барлық салаларда **дайын өнімге деген сұраныстың жақсаруы** байқалды.
- Кен өндіру өнеркәсібінде **сату рентабельділігі** басқа салаларға қарағанда жоғары. Тау-кен өнеркәсібінде (41,0%), ауыл шаруашылығында және көлік пен қойма өнеркәсібінде (тиісінше 24,8% және 23,8) өсім байқалды.
- Ауыл шаруашылығы саласында **банк несиелері бойынша мерзімі өткен** (90 күннен артық) **берешегі бар** кәсіпорындар үлесі әлдеқайда жоғары.
- 2021 жылдың екінші тоқсанында тау-кен өнеркәсібі мен көлік және қоймалау саласында **сұраныстың өсуі**, өндіріс пен саудада баяулауы, ауыл шаруашылығы мен құрылыста төмендеуі күтілуде.